

**Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды
академиясының ізденушісі Райбаев Даулет Кумарбековичтің
БД030300 – «Құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша философия
докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған
«Діни экстремизмге байланысты қылмыстарды ескертудің қылмыстық
– құқықтық және криминологиялық проблемалары» тақырыбындағы
диссертациялық жұмысына рецензенттің берген**

ШКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (тәжірибенің және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының қоғамдық өмірінің негізгі салаларын реттеуші қылмыстық, қылмыстық – атқару, қылмыстық процессуалдық кодекстері заңды күшіне енді. Заң шығарушы тарапынан жаңа кодекстер қабылдау түріндегі түбегейлі шешімнің басты себептерінің бірі – заң шығарушының мемлекеттің қылмыстық саясатын «қылмыс» ұғымы мен қылмыстық жазалар жүйесін саралай қолдану түріндегі қос векторлы қатынасқа бет бұруы болып табылады. Бұл бір жағынан қоғамдық қауіптілік деңгейі онша емес қылмыстардың ізгілендіріліп, декриминализациялануы болса, екінші жағынан экстремизм және терроризм сияқты ауыр және аса ауыр қылмыстар бойынша қылмыстық репрессиялауды күшейту деп санаймыз.

Діни экстремистік уәж негізінде жасалуы мүмкін экстремистік қылмыстар құрамы бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігі, мемлекеттің конституциялық құрылымы мен қауіпсіздігі, қоғамдық қауіпсіздік, басқару тәртібі сияқты түрлі қоғамдық қатынастарға қолсұғушылық жасайтындықтан мемлекет пен қоғам тарапынан енжарлық пен салғырттықты көтермейтін қоғамдық қауіптілігі жоғары құбылыс. Қылмыстық кодексте белгіленген қылмыстық-құқықтық құрылымдардағы экстремистік қылмыстарға байланысты шектеулер жиынтығы бұл бағыттағы қылмыстармен күресудің құқықтық құралдарын толықтыра түсіп, еліміздің экстремизмге қарсы күрес бойынша заңнамамызды көптеген шетелдік заңнамалармен салыстырғанда оқ бойы алға түсуіне ықпал етті деп санаймыз. Дегенмен, осы өзгерістерге байланысты қазақстандық ғылым мен тәжірибе алдында қосымша мәселелер туындауда. Ол ең алдымен енгізілген жаңа ережелердің құқықтық өміршенділігіне, яғни тәжірибеде қолданылу тиімділігіне байланысты болмақ. Қазіргі таңда осы мәселелерді ой елегінен өткізіп, зерделеу өзекті проблема.

Заңды күші бар қылмыстық кодекстің экстремизмге қатысты ережелерін зерделеу барысында қылмыстық заңнаманың Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпанда қабылдаған «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» заң нормаларымен арасында сәйкессіздіктің барын аңғардық. Экстремистік қылмыстарға қатысты қылмыстарды саралау, жауапкершілік пен жаза тағайындау мәселесіне қатысты ресми түсіндірме актілерінің жоқтығы, сондай-

ақ, қолданыстағы қылмыстық заңнамада заң шығарушы тарапынан «экстремизм» ұғымына анықтаманың берілмеуі және экстремизм түрлерінің көрсетілмеуі сияқты олқылықтар және экстремистік сипаттағы құбылыстарды бірізділікте түсінуге кедергі жасаушы бірқатар заңнамалық кемшіліктер мен қайшылықтардың болуы бұл мәселенің көкейтестілігін көрсетеді. Діни экстремизмге қатысы бар қылмыстық – құқықтық құрылымдарды зерделеу барысында анықталған осы кемшіліктер мен олқылықтар және елімізде соңғы жылдары орын алған экстремизм мен терроризмге қатысты кейбір оқиғалар легі осы мәселенің өзектілігін белгілейтіндіктен Д.Қ. Райбаевтың «Діни экстремизмге байланысты қылмыстарды ескертудің қылмыстық – құқықтық және криминологиялық проблемалары» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуі уақытылы жазылған жұмыс деп санаймыз. Сондай-ақ, Д.Қ. Райбаев жүргізген зерттеу жұмысы ұлттық заңнамамыздың қарқынды дамып, оңтайландырылуына ықпал етуі мүмкін деп пайымдаймыз.

Ал зерттеудің әдіснамалық, теориялық және нормативтік базасы пәнді терең тануға мүмкіндік беріп, алынған нәтижелердің жоғары дәрежелілігін көрсетеді.

2. Диссертацияларға қойылатын талаптар деңгейіндегі ғылыми нәтижелер.

Автордың зерттеу нәтижесінде алған ғылыми қорытындылары «Ғылыми дәрежелер беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 Бұйрығының 5-8 тармақтарына сәйкес келеді.

Зерттеудің ғылыми және практикалық қажеттілігі, ғылыми жарияланымдар жиынтығының жеткіліктілігі, қорғауға шығарылған тұжырымдарының мәні, қорытындыларының негізділігі мен ішкі бірлігі, зерттеудің ішкі даралығы жұмыстың монографиялық деңгейде орындалғандығын белгілейді.

Диссертант таңдаған тақырыптың зерттелу сипаты бұрын қолданыста болған қылмыстық заңнаманың қазіргі заңды күші бар қылмыстық заңмен салыстырыла отырып талдануына негізделген. Осы мақсатта ізденуші тарапынан анализ, синтез, талдау, бақылау, индуктивті және дедуктивті, диалектикалық және компаративтік сияқты ғылыми әдістер пайдаланылған.

Автор тарапынан діни экстремизмге байланысты қылмыстылықты ескерту бойынша төмендегідей ғылыми тұжырымдар жасалып, олар жан – жақты негізделген:

1 нәтиже.

Ізденуші діни экстремизмнің құқықтық табиғатын зерделей отырып, анықтама түсінікті, әрі нақты болуы керек деген қағидатты басшылыққа ала отырып, «діни экстремизм» ұғымына авторлық анықтама береді.

2 нәтиже.

Экстремизм генезисіне талдау жасай отырып, диссертант діни экстремизмге байланысты қылмыстардың дамуына ықпал етуші *ішкі* және *сыртқы* факторларды белгілеп, оны негіздейді.

3 нәтиже.

Зерттеу жұмысының авторы экстремистік қылмыстарға қатысты қылмыстық-құқықтық құрылымдарды зерделеп, оларға талдау жасау нәтижесінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы қылмыстық заңнамасын жетілдіруге қатысты бірқатар тың ұсыныстар жасайды.

4 нәтиже.

Диссертант жаза атқару мекемелерінің түрлі діни ағым «мектебіне» айналу қаупін ескере отырып, оның алдын алудың тиімді жолдарының бірі ретінде дәстүрлі исламды насихаттаушы теолог-маманды штаттық қызметкер ретінде енгізін, «Бас бостандығынан айыруға сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу» Қағидасына теолог-маманның қызметтік міндеттерін қарастыруды ұсынып, өз пікірін толық дәлелдейді.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесінің негізділігі мен шынайылық дәрежесі.

Автор ұсынып отырған диссертациялық зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасы құқықтық жүйесін реформалау жағдайындағы діни экстремизмнің алдын алу проблемалары бойынша ауқымды нормативтік және теориялық қайнар көздерге талдау жасауға негізделген.

Диссертациялық жұмыста жасалған ұсыныстар мен қорытындылардың негізділігі мен шынайылығы жүргізілген зерттеулер мен эмпирикалық материалдарға жасалған талдаулармен дәйектеледі. Автор тарапынан діни экстремистік қылмыстарға байланысты Қарағанды, Алматы және Ақтөбе облыстық соттарының мұрағатынан 5 жыл аралығындағы мұрағаттық қылмыстық істер тиісті дәрежеде қарастырылып, зерттеу жұмысында орнымен пайдаланылған. Сонымен қатар, Павлодар, Ақтөбе, Қарағанды, Алматы облыстарының 321 тұрғыны мен Павлодар қаласының 143 студенті арасында әлеуметтік сауалнамалар жүргізілген.

4. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жаңалық дәрежесі.

Диссертант жүргізген зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы Қазақстан Республикасы шеңберінде діни экстремизмнің қылмыстық – құқықтық және криминологиялық аспектілеріне арналған тұңғыш кешенді зерттеу жұмысы болуында деп бағалаймыз.

Бірінші нәтиженің жаңалығы діни экстремизмге криминологиялық құбылыс ретінде авторлық баға берілуінде деп санаймыз. Автор анықтама аясына діни экстремизмге тән негізгі белгілерді «қысқа да нұсқа» қағидатына сәйкес беруге тырысқан.

Екінші нәтижесін жаңа деп бағалауға болады. Автор өзі жүргізген зерттеулер мен эмпирикалық материалдарға талдау жасаулар негізінде елімізде діни экстремизмнің таралуына ықпал етуші себептер кешені бар екендігін белгілеген.

Үшінші ой тұжырымын жаңа деп бағалаймыз. Ізденушінің заңды күші бар қылмыстық кодекстің діни экстремизмге қатысты ережелерін оңтайландыруға байланысты ұсыныстары тың.

Төртінші ой тұжырымын ішінара жаңа деп санаймын. Жаза атқару мекемелерінде отырған сотталғандарға тигізетін түрлі діни ағымдардың

ықпалын төмендету мақсатында теолог маман штатын енгізу мәселесін көптеген зерттеушілер тілге тиек етіп жүргені белгілі. Дегенмен, көрсетілген нәтижелердің ғылыми жаңалық элементі автордың діни экстремизмге қарсы тұрудың ыңғайлы жолын таңдауына қатысты жеке көзқарасы арқылы айқындалған.

Діни экстремизмге байланысты қылмыстарды ескертудің қылмыстық – құқықтық және криминологиялық проблемалары авторға практикалық қызметпен қатар қылмыстық заңнаманы жетілдіруде қолданылуы мүмкін жаңа теориялық тұжырымдар мен қорытындылар жасауға мүмкіндік беріп отыр. Осы айтылғандар негізінде, Д.К. Райбаевтың диссертациялық жұмысы ғылыми зерттеу жаңалығына ие деген қорытынды жасаймын.

5. Ішкі бірлігінің және алынған нәтижелердің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығының бағалануы.

Д.К. Райбаевтың диссертациялық жұмысы жеткілікті теориялық және эмпирикалық материалдарды пайдаланумен орындалған мазмұны жағынан толық, жүйелі түрде аяқталған жұмысты білдіреді. Автор таңдап алған диссертациялық жұмыс құрылымы зерттеу жұмысының алдына қойылған мақсаттарына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Жұмыстың теориялық және практикалық құндылығы діни экстремистік қылмыстарды құқықтық реттеу механизміндегі ақаулармен, кейбір термин сөздердің ресми түсіндіруінің болмауы түріндегі және тағы да басқа көптеген кемшіліктермен, сондай-ақ, діни экстремизмге байланысты қылмыстардың қылмыстық – құқықтық және криминологиялық аспектілерін қарастырушы монографиялық және әдістемелік әдебиеттің аздығымен анықталып отыр.

Автордың ресми статистикалық ақпараттарды және жеке эмпирикалық мәліметтерді мазмұндауында қайшылықтар жоқ.

Мақсат пен міндеттердің және оларға қол жеткізу тәсілдерінің бірлігі жұмыстың қисындылығымен, оның нәтижелерінің мазмұндылығымен өзара үйлесімде.

Жалпы ғылымның құқық саласы бойынша жазылған іргелі еңбектердің басым бөлігінің ресми тілде жазылатынын ескерер болсақ, бұл жұмысты мемлекеттік тілдегі жоғары зерттеушілік дәрежеде, түсінікті, ғылыми тілде жазылған, ізденушінің көп еңбектенгендігін айғақтайтын және ұлттық ғылымның дамуына үлес қосатын монографиялық деңгейдегі жұмыс деп санаймын.

6. Зерттеу жұмысын зерделеу барысында анықталған кемшіліктерге байланысты ескертпелер.

Көптеген мемлекеттерде экстремистік деп танылып жатқанмен елімізде заң жүзінде тыйым салынбаған салафизм діни ағымы Қазақстан үшін үлкен қауіп көзі болып табылады. Сондықтан зерттеу жұмысында салафизм ағымы жайлы ақпарат берілін, ол ағым жайлы зерттеушілер пікірімен бөлісу зерттеу мазмұнын тереңдетіп, оның құндылығын арттырған болар еді деп санаймын.

7. Тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды.

Диссертант Райбаев Даулет Кумарбековичтің 6D030300 – құқық қорғау қызметі мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Діни экстремизмге байланысты қылмыстарды ескертудің қылмыстық – құқықтық және криминологиялық проблемалары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы өзінің өзектілігі және ұсынылып отырған шешімдерінің жаңа болуына байланысты «Ғылыми дәрежелер беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті қоятын талаптарға сәйкес деп танылып, жұмыс жария түрде қорғауға ұсынылады.

Е. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің қылмыстық құқық және криминология кафедрасының меңгерушісі, заң ғылымдарының кандидаты, доцент

[Signature]
С. Машабаев
[Signature]
[Signature]

ҚОЙЫЛҒАН ҚОЛДЫ РАСТАЙМЫН

